

## 2022-2023 оқу жылы бойынша бейіндік оқыту жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылындағы бейінді оқытудың негізгі мақсаты - оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасай отырып, олардың өзіндік білім алуына арналған бағдарламаларын құру, келешекте ие болатын кәсібіне бейімдеуді қамтамасыз етуге бағдарлау. Және дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспарын іске асыру.

Аталған мақсаттарға жету үшін алға келесі міндеттер қойылды:

1. Бейінді оқытуды басқаруды ұйымдастыру;
2. Мамандық таңдауға бағыт беру;
3. Сапа көрсеткішін арттыру;
4. Жетістіктер портфолиосын дамыту;
5. Жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентін қамтамасыз ету үшін қолданбалы курстар мен таңдау курстарының мәліметтер қоры ретіндегі тізбесін жасау;
6. Бейінді оқыту бағдарламаларын ресурстық тұрғыда қамтамасыз ету;
7. 7-11 сынып оқушыларына бағдарлы оқыту бағдарламаларын дұрыс таңдауға мүмкіндік беретін бағдаралды дайындықты жүргізу;

Сондықтан осы бағытта келесі міндеттерді шешу көзделді: білім алушылардың бойында шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби қасиеттерін дамыту. Сонымен қатар білім беру кеңістігін құру мақсатында саралау және даралау принципін іске асыруда оқушылардың сұраныстары мен мүмкіндіктері және олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы ескерілді.

2022-2023 оқу жылында бейіндік оқыту бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру мақсатында білім беру сапасын арттыру үшін білім берудің барлық сатыларында және баланың жеке басын қалыптастыру процесін жүзеге асыруға бағытталып құралды.

2022-2023 оқу жылында мектеп жарғыға сәйкес «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ 5-10 сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағытта және 11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта оқыту жұмысын қамтамасыз етілді.

2023 оқу жылында 11 сыныптарда 44 оқушы жаратылыстану бағыты бойынша білім алуда. Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың сұранысына қарай 11 сыныптарда инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент есебінен келесі пәндер оқытуға енгізілді: 11-сыныптарда: қазақ тілі – 1 сағат, химия – 1 сағат, биология – 1 сағат, география – 1 сағат.

Негізгі бейіндік пәндер: физика, алгебра, геометрия, информатика.

Бейін алдындағы және бейіндік даярлық оқушыларын қамту 100% құрайды. Оқу жылы ішінде мектепте:

- бейін алдындағы және бейіндік оқытуды ұйымдастыру бойынша 9-10 сыныптардағы ата-аналар жиналыстары;
- бейіндік оқыту бойынша педагогтарға арналған әдістемелік кеңес;
- оқушылармен әңгімелесу;
- оқушылар мен ата-аналардың сауалнамасы;
- бейіндік және бейін алдындағы дайындық бойынша сессиялар;
- қаланың оқу орындарының өкілдерімен кездесулер.

### Бейіндік алды дайындық және бейіндік оқыту тиімділігінің мониторингі





Білім алушыларға кәсіби бағдар беру, оқытуды жіктемелеу мен жеке даралауды күшейте отырып, оқудың түрлендіруге жағдай жасау мақсатында бейіндік және бейін алды даярлық оқыту қосымша білім беру жұмысы арқылы да ұйымдастырылды. Оқушыларды қосымша біліммен қамтамасыз ету мақсатында білім алушыларды бейімділіктеріне, қабілеттеріне, мүдделіліктеріне байланысты оқыту мақсатында 5-11 сыныптарда төмендегідей вариатив сабақтары енгізілген:

- 5-сыныптарда таңдау бойынша пәндер курсына 3 сағаттың 1 сағаты оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыру мақсатында **«Жаратылыстану»** курсына, 1 сағаты оқушыларға роботтарды бағдарламалауды, құрастыруды үйрету және де жаңа технологиялармен таныстыру мақсатында **«Информатика»** курсына, 1 сағаты білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін, функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында **«Математика»** курсына, элективті курстардағы 4 сағаттың 1 сағаты халқымыздың рухани асыл қазынасын тану, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, бойында ақындық қабілеті бар, өлең-жырға құмар оқушыларды шығармашылыққа баулу мақсатында **«Сарыарқа» жас ақындар мектебі** курсына, 1 сағаты білім алушылардың көркемдік ойлау мәдениетін қалыптастыру, қолөнерге баулу мақсатында **«ART-студио»** курсына, 1 сағаты оқушыларды домбырада ойнай алуға үйрету, қазақ музыкасына деген қызығушылығын арттыру, ұлттық аспапта ойнау техникасын меңгерту мақсатында **«Үкілі домбыра»** курсына, 1 сағаты оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту, оларды шығармашылыққа баулу мақсатында **«Шахмат»** курсына бөлінген;

- 6-сыныптарда таңдау бойынша пәндер курсына 3 сағаттың 1 сағаты оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыру мақсатында **«Жаратылыстану»** курсына, 1 сағаты оқушыларға роботтарды бағдарламалауды, құрастыруды үйрету және де жаңа технологиялармен таныстыру мақсатында **«Информатика»** курсына, 1 сағаты білім алушылардың орыс тілінде еркін, сауатты, таза сөйлеуге үйрету мақсатында **«Орыс тілі мен әдебиеті»** курсына, элективті курстардағы 4 сағаттың 1 сағаты оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, көпшілік алдында өзін еркін ұстай алуға үйрету мақсатында **«Сөз мәдениеті»** курсына, 1 сағаты білім алушылардың көркемдік ойлау мәдениетін қалыптастыру, қолөнерге баулу мақсатында **«ART-студио»** курсына, 1 сағаты қазақ музыкасына деген қызығушылығын арттыру, ұлттық аспапта ойнау техникасын меңгерту мақсатында **«Үкілі домбыра»** курсына, 1 сағаты оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту, оларды шығармашылыққа баулу мақсатында **«Шахмат»** курсына бөлінген;

- 7-сыныптарда оқушылардың табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын тану, түсіну, зерттеу жұмыстарымен айналысуына мүмкіндік туғызу мақсатында таңдау бойынша пәндер курсына 5 сағаттың 1 сағаты **«Физика»**, 1 сағаты **«Биология»**, 1 сағаты **«Химия»**, 1 сағаты **«География»** курстарына, 1 сағаты оқушыларды инженерлік есептеме мен талдау жасауға, компьютерлік бағдарламаларды құрастыруға үйрету, инновациялық жобаларға қатыстыру мақсатында **«Информатика»** курсына, элективті курстардағы 3 сағаттың 1 сағаты оқушылардың ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ораторлық қабілеттерін шыңдау мақсатында **«Шешендік өнер»** курсына, 1 сағаты қазақ музыкасына деген қызығушылығын арттыру, ұлттық аспапта ойнау техникасын меңгерту мақсатында **«Үкілі домбыра»** курсына, 1 сағаты оқушылардың танымдық

қабілеттерін арттыру, орыс тілі пәні бойынша алған білімдерін тереңдету мақсатында **«Занимательный русский язык»** курсына бөлінген;

- 8-сыныптарда таңдау бойынша пәндер курсына 4 сағаттың 1 сағаты оқушыларға зерттеу жұмыстарымен айналысуға, тәжірибе жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызу мақсатында **«Физика»** курсына, 1 сағаты **«Биология»** курсына, 1 сағаты оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында **«Алгебра»** курсына, 1 сағаты қазақ тілі пәні бойынша алған білімдерін тереңдету, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында **«Қазақ тілі»** курсына, элективті курстардағы 3 сағаттың 1 сағаты оқушыларды кескіндеме, мүсін және графика өнерімен таныстыра отырып, қолөнерге баулу мақсатында **«ART-дизайн»** курсына, 1 сағаты оқушыларды үш өлшемді компьютерлік модельдеу жұмысына үйрету, инновациялық жобаларға қатыстыру мақсатында **«WEB дизайн»** курсына, оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту, оларды шығармашылыққа баулу мақсатында **«Шахмат»** курсына бөлінген;

- 9-сыныптарда таңдау бойынша пәндер курсына 4 сағаттың 1 сағаты оқушыларға зерттеу жұмыстарымен айналысуға, тәжірибе жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызу мақсатында **«Физика»** курсына, 1 сағаты **«Биология»** курсына, 1 сағаты оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында **«Алгебра»** курсына, 1 сағаты оқушыларға STEM білім беру, компьютерлік модельдеу жұмыстарын үйрету, инновациялық жобаларға қатыстыру мақсатында **«Информатика»** курсына, элективті курсқа бөлінген 3 сағаттың 1 сағаты оқушыларға отбасы құндылықтары мен ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, қарым-қатынас этикасын үйрету мақсатында **«Адалдық және этика»** курсына, 1 сағаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, қолөнерге баулу мақсатында **«Жас сәулетші»** курсына, 1 сағаты оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту, оларды шығармашылыққа баулу мақсатында **«Шахмат»** курсына бөлінген;

- 10-сыныпта таңдау бойынша пәндер курсына 4 сағаттың 1 сағаты оқушыларға зерттеу жұмыстарымен айналысуға, тәжірибе жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызу мақсатында **«Физика»** курсына, 1 сағаты **«Биология»** курсына, 1 сағаты оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында **«Алгебра»** курсына, 1 сағаты оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін арттыру мақсатында **«Информатика»** курсына, элективті курсқа бөлінген 2 сағаттың 1 сағаты оқушыларды БАҚ-пен жұмыс жасау алуға, ақпараттарды саралай алуға үйрету, журналистика мамандығына баулу мақсатында **«Журналистика негіздері»** курсына, 1 сағаты 10-сыныпта білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында вариативтік бөлімнен 34 сағат **«Далалық-оқу жиыны»** (лагерьлік) курсына берілген;

- 11-сыныптарда элективті курсқа бөлінген 6 сағаттың 1 сағаты оқушыларға мамандық таңдауда кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында **«Кәсіби бағдар»** курсына, 1 сағаты оқушыларды кәсіби мамандыққа даярлау мақсатында **«Медициналық биология»** курсына, 1 сағаты оқушылардың математикадан функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында **«Математикалық сауаттылық»** курсына, 1 сағаты Абай ақынның шығармаларын саралау, қазақ сөз өнеріндегі ақынның орны мен болмысын тану мақсатында **«Абайтану»** курсына, 1 сағаты оқушылардың түсіну, ойлау, қолдану дағдыларын дамыту мақсатында **«Оқу сауаттылығы»** курсына, 1 сағаты ұлттық қолөнерімізді дәріптеу, оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында **«Ұлттық қолөнер»** курсына берілген.

2022-2023 оқу жылында **«Өлкетану»** кіріктірілген курсының материалы 5-7-сыныптарда Қазақстан тарихы пәні аясында әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат, қазақ әдебиеті пәні бойынша 6-7 сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат оқытылады.

Мектепте кәсіби бағыт бағдар беру жұмысын жандандыру және оңалту мақсатында жоғары оқу орны мен орта оқу орындары арасындағы бірлескен жобалар жүзеге асырылуда. Соның бір үлгісі ретінде «Мектеп-ЖОО-колледж» жобасының жемісті серіктестігін атауға болады. Бұл жоба 2020 жылдан бастап Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетімен, Жезқазған тарихи-археологиялық музейі көрме залымен бірлескен жұмыстардың арқасында жүзеге асырылуда. Жоба аясында аталған оқу орындарымен, мекемемен мектеп арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол

қойылған. Келісілген шартқа сай Университеттің, музейдің оқытушылық құрамы эксперттік жұмыстарға талдау жасауға, пәндік олимпиадалар өткізуге, көмекші құралдарды, оқу бағдарламаларын, оқушылардың ғылыми жобаларын рецензиялауға қатысады.

10-11 сынып оқушыларының жоғарғы оқу орнының ерекшелігімен және дайындайтын мамандар жөнінде танысуға арналған «Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетімен танысу» экскурсиясы өткізілді. Бұл экскурсиядан оқушылар болашақ мамандығын және нақты ЖОО-н таңдап алуға мүмкіндік алды. Экскурсия барысында ЖОО-ның деканаты оқушылармен әңгімелесіп, осы мекеменің ерекшеліктерімен таныстырып, сәйкес мамандыққа оқуға шақырды. Экскурсияның қортындысы оқушылардың қандай да бір оқу орнына түсуге деген құштарлығынан мектептегі үлгерімі жоғарлауына септігі тиді.



Сонымен қатар ZOOM платформасы арқылы Е.Букетов атындағы Қарағанды Университетінің оқытушылар құрамымен де кездесу сағаттары өткізілді.



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің “Инновациялық технологиялар” факультеті, “Химия және химиялық технологиялар” кафедрасының аға оқытушылары Ибрайбеков Жанболат Габитович және Кинаятов Маргулан Аскарлович 10-11 сынып оқушыларына танымдық сағатын өткізді. Мақсаты: оқушыларға кәсіптік бағыт-бағдар беру, оқу орнының ерекшеліктерімен таныстыру, болашақ мамандықтарын айқын да, сенімді таңдай білуге кеңес беру.

Өкілдер оқу орнының ерекшеліктерімен, университетте оқытылатын мамандық түрлерін және оқу орнында қарастырылған жеңілдіктер, шәкіртақы алу, сонымен қатар университеттің арнайы оқу корпусы, жатақханасы, әскери кафедрасы, оқу залдары мен спорт кешені бар екені туралы ақпараттар беріп өтті. Кездесу барысында анкеталар толтырылып, жарнамалау парақшалары таратылды. Кері байланыс жасалды. Кездесу аясында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, университет өкілдеріне алғыс білдірді.

Мамыр айында 9-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Үздік бизнес-жоба» байқауының жеңімпазы ТОО Company DAMU директоры Ыдырыс Қозайдаровпен кездесу ұйымдастырылды. Іс-шарамызға Ұлытау облысының білім басқармасының әдістемелік орталығының кітапхана ісі және цифрлық білім беру бөлімінің басшысы Бектурганова Жанат Ескендіровна қатысты.



Бұл іс – шараның мақсаты: «Өнегелі өмір» жобасы аясында жастардың инновациялық бизнес-жобаларын іске асыруға серпін беру, облыстың әлеуметтік дамуына ықпал ету. Іс-шара барысында облыстың дамуына үлес қосқан табысты кәсіпкер ретінде Ыдырыс мырза оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беру бағытында өз тәжірибесімен бөлісті. Өзінің әлеуметтік жобаларға қатысу, жобаны ұсыну туралы қыр сырларын түсіндірді. Оқушылар сұрақ қойып, қызықты жауаптарын алды. Іс -шараға 10 сыныптардың 35 оқушысы қатысты.

2022-2023 оқу жылынан бастап мектебіміз «Ұстаз-Ұлытау» педагогтерді трансформациялау орталығымен бірлесе жұмыс жасауда. 2022-2023 оқу жылында «Ұстаз-Ұлытау» жобасы тренері Асем Сатыбалдина түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Әр тоқсан сайын курстар ұйымдастырылып осы курстарда жалпы кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу таныстырылды.

«Ұстаз-Ұлытау» жобасы мен келісіліп бір жылдық «Кәсіптік бағдар беру жұмыс жоспары» жасалды. Кәсіби бағдар беру жоспары «Ұстаз-Ұлытау» жобасының 5 бағытын басшылыққа ала отырып жасалды.

Ү бағыт:

- Ақпарат жинау орталығы
- Диагностикалық қызмет және іріктеу орталығы.
- Кеңес беру орталығы
- Кәсіптік бағдар беру іс-шаралар орталығы

Бағыт қамтылып жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жоспардың мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтарымен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды, мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып, мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;

- кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;

- кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу;

1 - бағыт. Ақпарат жинау орталығы. Ақпараттық орталық мектеп мұғалімдеріне, ата-аналарға, оқушыларға, кәсіби білім беруді ұйымдастыру, олардың еңбек нарығы туралы түсініктерін кеңейту мақсатында құрылды. Бұл бағыт бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

- негізгі ақпараттық ресурстарды қалыптастырып, оларға ашық қол жеткізу қамтамасыз етілуде.

- ақпарат Гугл диск папкаларында сынып бойынша жинақталуда.


- әр болашақ түлекке жеке профайл қалыптастырылады. Профайл кәсіби қызығушылықтарын, өзгерістерін, сынып профилін, ҰБТ-ға таңдаған пәндерін көрсетіп отырады.

- сауалнама нәтижелері, тест нәтижелері, психологтардың ұсыныстары Гугл-диск папкаларына енгізіледі.

Мектебімізде ақпараттық-орталықты іске асыруға қатысушылар:

- мектеп әкімшілігі;
- пән мұғалімдері;
- сынып жетекшілері;
- әлеуметтік педагог;
- кітапханашылар;
- ата-аналар;
- педагог-психолог;
- оқушылар;


Ақпараттық орталықты іске асыруға қатысушылары барлық ақпаратты жинап қорытынды шығарып, қорытынды нәтижесі бойынша жұмыстар жүргізеді. Осындай жүргізген ақпараттар арқылы біз мониторинг жасалды. Мысалы (1,2,3)



## 5. Ұнататын пәндеріңіз

Копировать

35 ответов





2 - бағыт. Диагностикалық қызмет және іріктеу орталығы бағыты бойынша білім алушылардың дарындылығын дамыту үшін жағдай жасау және дарынды балаларды қолдау, оларды оқыту сапасын арттыру, жеке қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту. Осы бағыт бойынша мектептің педагог-психологы оқушылардың дарындылығын анықтау бойынша, қабілеттерін анықтауда бірнеше психологиялық сауалнамалар алып, сауалнама қорытындылары бойынша оқушы қабілеттері мен дарындылығы анықталып сол бағыттар бойынша оқушыларға кеңес беріліп отырды. Диагностикалық орталық қызметінің негізгі мазмұны оқушы қабілеті бойынша оқушы мен ата-аналарына кеңес беру. Бұл бағыт бойынша бейіналды және кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Кәсіби – тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау үшін Джон Голландтың әдістемесі қолданылады. Ол тұлғаның 6 типін бөліп көрсетеді. 10 сынып оқушыларының ішінде 16 оқушы болашақ таңдаған мамандығын нақты деп көрсетті. Оқушылардың кәсіби мамандыққа деген қызығушылығының басым екендігі барлық типтер бойынша сыныптың басым бөлігінен нақтыланғанынан айтуға болады.

Қыркүйек айында 6-11 сынып оқушыларынан «Оқушылардың таңдау курстарына қабілеттеріне сай қатысуына психологиялық сүйемелдеу» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Мақсаты: оқушының қабілеті мен мүмкіндігін ескере отырып, таңдау курстарына қатысуын сауалнама арқылы анықтау.


Оқушылардың қабілеті мен мүмкіндігін анықтау мақсатында «Дарындылықтарын анықтау» тесті мен әрбір сыныпқа негізделген таңдау курстарының ішінен оқушылар өз қалауы бойынша сауалнамаға жауаптарын берді.

Жекелеген сыныптардағы таңдау курстарына оқушылардың қызығушылығы басым екендігі байқалса, кейбір пәндерді аз таңдаған сыныптар болды.


## 10 сыныптан алынған Г.Гарднер интеллект түрлерін анықтау сауалнамасының қортындысы



## 9 сыныптан алынған Г.Гарднер интеллект түрлерін анықтау сауалнамасының қортындысы




## 2022-2023 оқу жылында алынған оқушының қызығушылық картасының қорытындысы



Темперамент типтерін анықтау сауалнамасының қорытындысы

Сауалнамаға барлығы: 9 сыныптан 95 оқушы қатысты, 10 сыныптан 81 оқушы қатысты



Осы диагностика жүргізу арқасында болашақ түлек картасы әзірленді.

3. бағыт. Кеңес беру орталығы. Осы бағытта директордың бейіндік оқыту жөнендегі орынбасары кеңес беру күні графигі жасап, әр келген оқушыға ақпарттаық кеңестер беріліп, болашақ мамандықтар бойынша мәліметтер беріліп отырды. Консультациялық орталықтың мақсат-міндеттері кәсіптік бағдар беру бойынша ата-аналар мен жоғары сынып оқушыларына консультациялық көмек көрсету мақсатында құрылды. Орталықтың негізгі міндеттері: ата-аналарға және жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің әртүрлі мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

-кәсіптік бағдар беру;

-мамандық таңдауда уақытылы көмек көрсету бойынша жеке ұсыныстар әзірлеу;

Кеңес беру орталығы қызметі бойынша тақырыптық ата-аналар жиналысы, жоғары сынып оқушыларына тақырыптық сынып сағаттары мен әңгімелер мен тренингтер өткізілді. Осындай кеңес беру жұмыстарын жүргізу арқылы біз мектебімізде бірнеше оқушылардың мамандық таңдауына көмек көрсетудеміз, оның дәлелі жалпы таңдау пәнін толық анықтай алмай жүрген оқушыларға көмект көрсетіп бағытын өзгерту арқылы сол өзгерткен бағыт бойынша оқушылардың ғылыми жобалар байқауы мен жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы бойынша жетістіктерге жетудеміз. сурет (1,2)



4 бағыт –кәсіптік бағдар беру іс-шаралар орталығы қызметі. Кәсіптік бағдар беру жөніндегі іс-шаралар мен сағаттар орталығы кәсіптік бағдар беру жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша қызметтер көрсету мақсатында құрылды. Мектебіміздің кәсіптік бағдар бойынша жылдық жоспарына сәйкес іс-шаралар мен сынып сағаттары ұйымдастырылуда. Кәсіптік бағдар беру бойынша іс-шаралар мен сағаттар орталығы қызметі өткізген негізгі іс-шаралар:

- «Өнегелі- өмір» жобасы бойынша әр түрлі сала мамандарымен кездесулер;
- мамандықтар туралы сыныптық әңгімелер;
- тақырыптық кештер, викториналар;
- мамандықтар бойынша презентациялар дайындау;
- оқушыларға және олардың ата-аналарына кеңес беру;
- мамандық әлемін ашамыз байқауын ұйымдастыру;
- мамандықтарға арналған стендтерді безендіру.
- тақырыптық сынып сағаттары;
- байқауларға қатысу;


Осындай іс шаралар өткізу арқылы мектебімізде кәсіптік бағдар беру іс-шаралар орталығы қызмет жасауда. Атап көрсетсек: «Мамандықты дұрыс таңдай білейік?» тақырыбында 10- сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта – ықыласын, қызығушылықтарын арттыру.

«Мамандық таңдау-ертенді ойлау» тақырыбында 8- сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.



5 «В» сынып оқушылармен «Болашақта кім болам?» тақырыбында эссе жазып, мамандық туралы пікіралысу болды. Барлығы 23 оқушы қатысты.

|                    |         |
|--------------------|---------|
| Аспазшы            | 1 оқушы |
| Орыс тілі мұғалімі | 1 оқушы |
| Саяхатшы           | 1 оқушы |
| Спортшы            | 4 оқушы |
| Өрт сөндіруші      | 1 оқушы |
| Аудармашы          | 1 оқушы |
| Суретші            | 1 оқушы |
| Әнші               | 3 оқушы |
| Құрлысшы           | 1 оқушы |
| модель             | 1 оқушы |
| Дизайнер           | 3 оқушы |
| Экономист          | 1 оқушы |
| Бизнесмен          | 1 оқушы |
| Стоматолог         | 1 оқушы |
| Мұғалім            | 1 оқушы |
| Дәрігер            | 1 оқушы |



7 «А» сынып оқушыларын "Маған ұнайтын мамандық" тақырыбына проективтік тест алынды. Мақсаты: оқушылардың мамандыққа қызығушылығын бақылау.

5 - бағыт - түлектер қауымдастығы. Бұл бағыт бойынша мектебімізде түлектер қауымдастығы және және жұмысқа орналастыру – бұл өзін-өзі басқару негізінде оқушылар мен түлектер мүдделерінің ортақтығымен анықталатын қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған ерікті қоғамдық бірлестік. Түлектер қауымдастығының қызмет ету мерзімі мен жұмысқа орналасы шектелмеген. Мектебімізде биылғы оқу жылында алғашқы 11 сынып түлектері шықпақшы, осы кезден бастап түлектер қауымдастығы қалыптасары сөзсіз.

«Ustaz- Ulytau» педагогикалық трансформация орталығымен бірлескен жоспарға сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:



1. Жеке кеңес беру;
2. Кәсіптік бағдар беру мәртебесі (сауалнама), қорытынды есеп 15.09.2022 жыл;
3. Түлектер профайлы;
4. Республикалық мамандықтар жәрмеңкесіне қатысу;
5. Дифференциалды- диагностикалық сауалнама әдістемесі (Е.А.Климов);
6. Г.Айзенк сауалнамасы;
7. «Мен таңдаған мамандық» тренинг;
8. Кейрси сауалнамасы;
9. Сьюзен Деллиндердің психогеометриялық сынағы;
10. Шуберттің тәуекелге дайындық дәрежесін диагностикалау әдістемесі (Шуберттің тәуекелге бейімділік сынағы);
11. Мамандық таңдаудағы ата- ананың рөлі (тренинг, сауалнама, кеңес беру) ;
12. Мамандармен кездесу;
13. «Мамандықты таңдау- болашақты жоспарлау» онкүндігі;
14. Кәсіби сынама;
15. «Менің болашақ мамандығым» эссе (сайыс) 8-11 сынып оқушылары;
16. «Менің қиялымдағы мамандық» сурет көрмесі (5-7 сынып оқушылары);
17. «Сұранысқа ие мамандықтар» дөңгелек үстел (9-11 сынып оқушылары);
18. «Мамандықтар әлемі» кітап көрмесі;
19. 9-11 сынып оқушылары ата-аналарымен кездесу. «Мамандық тандуда мен және менің ата-анам ойы»;

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылынан бастап «Кәсіби бағдар» атты курс жүргізілді. Курстың мақсаты: оқушыларға болашақ мамандықтарын таңдау барысында кәсіптік бағдар беруде психологиялық қолдау көрсете отырып, оқушылардың еңбекке қатынасын саналы түрде ұғындыру, оқушылардың өздерінің мүмкіндіктері мен қабілеттерінің еңбек нарығының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету.

Бағдарламаның міндеттері:

Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде оқу бейінін анықтауда және болашақ кәсіби әрекетінде қолдау көрсету;

Бейіндерін таңдауда бейімділіктері, қабілеттері, қалаулары және мүмкіндіктері жайлы диагностикалық қорытынды алу.



Бағдарлама бөлімдері:

I. Кәсіптік бағдар беруде оқушылармен жүргізілетін профдиогностикалық әдістер;

II. Кәсіби кеңес беру;

III. Кеңес берудің белсенді әдістері мен кәсіптік бағдар беру ойындары;

9-10 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Мамандық таңдауында ата-ананың маңызы» тақырыбында психологиялық сағат өткізілді. Ата-аналарға оқушылардан алынған «Мен қаладым» саралаушы-диагностикалық сауалнамасының нәтижесімен таныстырылып, жеке кеңестер берілді.



Мектептегі педагог кадрлардың педагогикалық [мәдениетін көтеру](#), әдістемелік шеберлігін жетілдіру мен шығармашылығын дамыту мақсатында «Нәтижеге бағытталған білім берудегі пән мұғалімдерінің оң іс-тәжірибесі» тақырыбында мектепшілік семинар-практикум ұйымдастырылып, саралай отырып марапаттау жасалды.



Ұстаздардың тұлғалық қасиетін талдау, кәсіби біліктілігі мен шеберлігін жетілдіру, инновацияларды меңгеруге үйрету уақыт талабы. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған перспективалық жоспары жасалып бекітілді. Қолданбалы, таңдау курсына кездесетін қиыншылықтарды, өткізу деңгейін, оқушының білім сапасын анықтау мақсатында мұғалімдерге әдістемелік-теориялық көмектер көрсетіліп, ақыл-кеңестер, ұсыныстар айтылып, соның негізінде түзету жұмыстары жүргізілді.

**Қорытынды ұсыныстар:** Мектеп оқушыларын бейіналды даярлауды және бейіндік оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді, барлық іс-шаралар өткізілді. Дегенмен жаңа оқу жылында мектеп сайтына кәсіптік бағдар бойынша ақпараттар, жаңалықтар жиналуын қамтамасыз ету, кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларға (5-11 сыныптар) мектепте бейіндік кабинетін енгізу жұмыстарын жандандыру керек. Психологиялық қызмет оқушылардың жеке даму траекториясын жасау жұмыс жоспарын жүйелі жүргізуді қарастыру қажет. Ұстаз-Ұлытау жобасымен жұмысты жалғастыру.

**Ұсыныстар:**

- 9 сыныптарда бейін алдындағы дайындықты жалғастыру;
- бейін бойынша 10, 11 сыныптарда бейіндік оқытуды жалғастыру;
- әр оқушының жеке даму траекториясын жобалауға, оқушының жақын даму аймағындағы білім беру мақсаттарын болжауға, оқу профилін анықтауға байланысты қателіктерді азайтуға көмектесетін дербестендірілген ақпаратты қамтитын электрондық мәліметтер базасын құру;
- бейін алдындағы және бейіндік оқытуды іске асыру үшін жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылды жалғастыру;
- мектеп сайтында кәсіптік бағдар бойынша ақпараттар, жаңалықтар жинау;
- түлектер профайлымен жұмыс жүргізу;
- «Ұстаз-Ұлытау» педагогтерді трансформациялау орталығымен бірлесе жұмыс жасауды жалғастыру;